



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ҰЛТТЫҚ БАНКІ  
№ 27 Б А С П А С Ө З Р Е Л И З І  
2011 жылғы 02 қыркүйек**

**FOREX нарығында жұмыс істейтін  
инвесторлардың назарына**

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитеті FOREX нарығында жұмыс істейтін инвесторлардың назарына төмендегіні жеткізеді.

Бүгінгі күні Қазақстан Республикасында FOREX нарығында инвесторларға қаржы құралдарымен, оның ішінде шетел валютасымен саудаға рұқсат беру жөніндегі қызметтерді белсенді жарнамалайтын бірқатар ұйымдар жұмыс істеуде.

Мұндай қаржы делдалдары қазақстандық қаржы нарығының лицензиаттары болып табылмайды және олардың қызметі туралы ақпарат Қазақстан Республикасының тиісті уәкілетті органдарының ресми дереккөздерінде жоқ. Клиенттердің жоғарыда көрсетілген ұйымдармен өзара қарым-қатынастарының тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасында реттелмеген және шарттық қатынастарға ғана негізделеді.

FOREX нарығына кіру жөніндегі делдалдық қызметтерді көрсететін ұйымдар көп жағдайда Қазақстан Республикасының резиденттері болып табылмайды және/немесе заңды түрде оларды тіркеу орны бойынша не клирингтейтін (есеп айырысу) серверінің орналасқан орны бойынша бизнесін жүргізеді. Бұл ретте Қазақстанда инвестор, әдеттегідей, тек қана ақпараттық қызмет көрсететін (құжаттарды ресімдеуге көмектесу, ақылы тақырыптық семинарлар өткізу, клиенттерге ағымдағы проблемалар бойынша кеңес беру және т.б.) әріптес компаниямен өзара іс-қимыл жасайды және клиентпен жасалған шарт бойынша қандай да болмасын жауапкершілік атқармайды.

Интернет-ресурстарда және жарнамалық хабарландыруларда орналастырылатын, FOREX нарығына кіру бойынша делдал ұйымдардағы шетелдік нарықтарда жұмыс істеу үшін тіркелу, орналасқан жері, байланыстары, басшы қызметкерлері және қандай да болмасын арнайы рұқсаттары туралы мәліметтерді инвесторлар дербес тексеруі тиіс.

Қазақстан Республикасының аумағында мемлекеттік реттеу объектілері болып табылмайтын делдалдар арқылы FOREX нарығына шыққан кезде инвестор жоғарыда көрсетілген ұйымдардың қызметін пайдалануға байланысты өзінің барлық заң және қаржылық тәуекелдері үшін дербес жауапкершілік атқарады.

*Барынша жан-жақты ақпаратты мынадай телефондар бойынша алуға болады: +7 (727) 2 704 639, +7 (727) 2 788 032, +7 (727) 2 788 141 ; E-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz) ([www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz), [www.afn.kz](http://www.afn.kz))*